

Батыс Қазақстан трансшекаралық аймағындағы топонимдердің этимологиялық негіздері¹

Аңдатпа. Мақала Батыс Қазақстан аймағындағы трансшекаралық топонимдердің этимологиялық негіздерін анықтауға арналған. Трансшекаралық топонимдердің этимологиясын ашу халқымыздың тарихын таңуда маңызды рөл атқарады. Көне замандардан жеткен біршама топонимдердің мағынасы көмескіленіп, белгісіз күйге жетіп отыр. Осы мәселелерді ескере отырып, осы аймақтағы кейбір топонимдердің шығу тегі мен уәждеріне талдаулар жасалды.

Жер-су атауларының маңыздылығын әр қырынан сөз етуге болады. Біріншіден, жер-су атауларының қойылуы әртүрлі кезеңдерді қамтиды. Сырын аша білсек, олардың астарында халқымыздың тарихынан, мәдениетінен, таным-түсінігінен, дүниетанымынан мәлімет беретін ақпарат жатыр. Екіншіден, халықтың жүріп өткен жолын, мекен еткен жерін айғақтайтын тілдік деректер бар. Дүниежүзіне тарыдай шашыраған түркі халқы жайлы мәліметті жеткізетін бірден-бір құрал – топонимдер. Бұл деректер ата-бабаларымызбен бірге жасап, бірге өмір сүрді әрі өміршеңдігімен тарих сахнасында қалып қойды. Әрине, тарих қойнауында ұмытылып немесе жаңа түр алып, өзгеше сипатқа ие болып, басқалай аталғандары да аз емес. Дегенмен нақты деректердің ақиқаты мойындалуға тиіс және ол өте маңызды. Сондықтан халқымыздың тарихын жасауда, мекендеген аймақтарын белгілеуде трансшекаралық топонимдердің маңызы зор. Соңғы кездерде түрлі зерттеу жұмыстарының арқасында біраз ұмытыла бастаған дүниелердің беті ашылып, мағынасы күңгірттенген топонимдердің этимологиясына көңіл аударып бастағанымыз белгілі. Көне топонимдердің шығу тарихы, түп төркіні, мән-мағынасы жөнінде айтылған пікірлердің әртүрлілігі байқалады. Бұл лексикалық қордағы басқа сөздерге қарағанда, топонимдердің этимологиясын ашудың әлдеқайда күрделі екенін көрсетсе керек.

Топонимдердің кейбір облыс, аудандарға қатысты қатары анықталғанмен, трансшекаралық аймақтардағы жер-су атаулары толықтай қағаз бетіне түсе қойған жоқ.

Кілт сөздер: топоним, шығу тегі, мағына, жұрнақ, түбір, уәж, атау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-139-2-89-99>

Кіріспе

Жер-су атаулары да өзге атаулар сияқты белгілі бір тұрмыстық қажеттіліктен туған. Балалар өмірге келгенде бірінен-бірін айыру

үшін есім берілетіні сияқты, жер-су атаулары да осы мақсатта кеңістік пен табиғат жайлы адамның ойлау жүйесі мен ментальдық ішкі таным-түсінігі арқылы арнайы сөздермен беріледі. Бұл – бір этносқа ғана емес, дүни-

¹ Мақала ҚР БҒМ мемлекеттік грантының қаржыландырылуы бойынша орындалған «AP08855686 – Қазақстан трансшекаралық аймақтарындағы топонимия» ғылыми жобасы (2020-2022 жылдарға арналған) аясында әзірленді.

ежүзі халықтарына тән дүние. Туған жер, атамекен, қоныстар, жайлаған жайылымдар мен қыстақтарға берілген атаулардан ұлттық таным элементтері үнемі көрініс беріп отырады. Қазақ халқы тарихтан бері малшаруашылығымен айналысып, ұдайы көшіп-қонып жүріп, кең байтақ жерді жайлап, әр төбе, белес-белдерге, сай-сала, жылға-жыраларға, обаларға дейін ат қойып, әрқайсысын өз атауымен атаған, яғни географиялық нысандардың сипатына қарай атау беру дәстүрі жақсы қалыптасқан. Қазіргі зерттеулерде атаулар арқылы сол жердің ерекшелігін, құрылым-құрылыс, жағдайын анықтау тәселдері қолданылып жүр. Негізгі мақсаттарымыздың бірі – атауларға уәж бола алатын мал, аң, құс, өсімдік, адам, ру т.б. аттарының атажасау қызметтерін анықтап, сол арқылы халқымыздың атау беру ұстанымдары мен шарттарын айқындау. Жер-су атауларының маңыздылығын әр қырынан сөз етуге болады. Біріншіден, жер-су атауларының қойылуы әртүрлі кезеңдерді қамтиды. Сырын аша білсек, олардың астарында халқымыздың тарихынан, мәдениетінен, таным-түсінігінен, дүниетанымынан мәлімет беретін ақпарат жатыр. Екіншіден, халықтың жүріп өткен жолын, мекен еткен жерін айғақтайтын тілдік деректер бар. Дүние-ежүзіне тарыдай шашыраған түркі халқы жайлы мәліметті жеткізетін бірден-бір құрал – топонимдер. Бұл деректер ата-бабаларымызбен бірге жасап, бірге өмір сүрді әрі өміршеңдігімен тарих сахнасында қалып қойды. Әрине, тарих қойнауында ұмытылып немесе жаңа түр алып, өзгеше сипатқа ие болып, басқалай аталғандары да аз емес. Дегенмен нақты деректердің ақиқаты мойындалуға тиіс және ол өте маңызды. Сондықтан халқымыздың тарихын жасауда, мекендеген аймақтарын белгілеуде трансшекаралық топонимдердің маңызы зор. Соңғы кездерде түрлі зерттеу жұмыстарының арқасында біраз ұмытыла бастаған дүниелердің беті ашылып, мағынасы күңгірттенген топонимдердің этимологиясына көңіл аударма бастағанымыз белгілі.

Топонимдер жер бедеріне, адамның мәдени-тарихи және шаруашылық тіршілік өміріне байланысты қойылғандықтан, мән-мағы-

насы анық, жалпыға түсінікті және көпшілік жер-су атаулары қайталанатын. Сондай-ақ көне дәуірлерден бері сақталып келе жатқан атаулар да бар. Мұндай атаулардың мағынасы көпшілікке түсініксіз, көмескі, шығу төркіні ұмытыла бастаған. Көне топонимдердің шығу тарихы, түп төркіні, мән-мағынасы жөнінде айтылған пікірлердің әртүрлілігі байқалады. Бұл лексикалық қордағы басқа сөздерге қарағанда, топонимдердің этимологиясын ашудың әлдеқайда күрделі екенін көрсетсе керек.

Мәселені белгілеу (мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерге шолу)

Мақаладағы топонимдердің этимологиясын ашуда, алдымен, «Диалектологиялық сөздікті» пайдалана отырып, сол сөздің көне тілдегі түбір тұлғасын анықтап, семантикасына, өзгеру, даму сипатына мән берілді. Сондай-ақ жер-су атауларының этимологиясын ашуда Э.В. Севортянның «Этимологический словарь тюркских языков» сөздігіндегі ғалымдардың пікірлеріне талдау жасалынып, өзіндік ой-пікірімізді білдірдік. Кейбір орындарда І. Кенесбаев, Ә. Қайдар, Ш. Сарыбаев, Б. Сағындықұлы, Б. Бияров сынды ғалымдардың пікірлері ескерілді. Мақалада кездесетін жер-су атауларының құрамындағы араб, парсы сөздерінің мән-мағынасын ашуда «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі», жергілікті қолданыстағы сөздердің семантикасын беруде «Диалектологиялық сөздік» пайдаланылды.

Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында зерттеудің төмендегідей әдістері қолданылды. Зерттеу жер-су атауларын синхронды сипаттау тұрғысында әрі тарихи диахронды бағытта саралау арқылы іске асырылды. Жер-су атауларының этимологиясын ашу үшін көне тілмен салыстыра отырып, тарихи-салыстырмалы, ғылыми талдаудың тарихи этимологиялық әдістері қолданылды. Топонимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеуде сөздердің морфологиялық бөліктерінің барлығын, семантикасын айқындау мақсатында компоненттік,

құрылымдық, морфологиялық, лексика семантикалық анализдеу әдістері де қажетіне қарай қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Топонимдердің кейбір облыс, аудандарға қатысты қатары анықталғанмен, трансшекаралық аймақтардағы жер-су атаулары толықтай қағаз бетіне түсе қойған жоқ. Жер-су атауларына жердің, судың өз атауларынан басқа сай-сала, бастау, бұлақ, жота, төбе, қыстау, қыстақтардың да т.б. географиялық нысандардың атаулары кіреді.

Жер-су атауларының бүгінгі жағдайына зер сала отырып, қай кезеңнің болсын топонимдері ұлттың әлеуметтік жағдайын, тыныс-тіршілігін кейінгі ұрпаққа жеткізетін асыл қазынасы, мәдени ескерткіші деуге болады. БҚО, Тасқала ауданында Қалмақ елді мекені, Қалмақшабын елді мекені сияқты атаулар кездеседі. Қалмақ деген сөздің атау ретінде қойылуы өз тарихы, өз оқиғасы барынан хабар береді. Сондықтан жер-су аттарын қоюда белгілі бір тарихи оқиғаларға немесе жағдаяттарға назар аударылады.

Кейбір жер-су атауларының құрамында көне жұрнақтар кездеседі. Мысалы: Темірғай, Абдохай, Арыстанғай. Мұндағы -қай, -ғай, -хай – түркі-монғол тілдеріне ортақ зат есім, сын есім тудырушы жұрнақ болып есептелінеді. Ш. Сарыбаев: «Бурят-монғол тілдерінің -хай, -хэй, -хой жұрнағы сөзге кішірейту-еркелету мағынасын үстейді. Бұл жұрнақ қазақ тіліндегі балақай сөзіндегі өнімсіз -қай жұрнағына сәйкес келеді», – дейді [1, с. 239]. Академик І. Кеңесбаев түркі-монғол тілдеріне ортақ сөзтудырушы жұрнақтардың қатарында -қай, -гей жұрнағына мынадай мысалдар келтіреді: төскей, теріскей, күнгей, солақай т.б. Осы жұрнақпен жасалған санаулы Қапшағай, Аңрақай сынды топонимиялық атаулардың кездесетіндігін айтады [2, 46 б.]. Ә. Қайдар да бұл жұрнақты түркі-монғол тілдеріне ортақ деп есептейді [3, 168 б.]. Көне дегенде, бұл – өлі жұрнақ, алайда көне, орта ғасыр ескерткіштерінің тілінде кездеспейді. Бұл жұрнақтардың ортақтығына екі ел арасындағы тіл

тұтастығы мен тарихи әлеуметтік жағдайлар негіз болды деуге негіз бар.

Қазіргі кезде кешенді зерттеуді талап ететін мәселелердің бірі – трансшекаралық аймақтардағы топонимдер. Трансшекаралық аймақтардағы топонимдерге тән ерекшеліктердің бірі – сыртқы факторлардың әсеріне ұшырау фактілері. Ол аймақтарда отаршылдық, кейін кеңестік биліктің ықпалына жалғасқан заманда көптеген жер-су атаулары зардап шекті, көпшілігі жоғалып кетті, қалғандары түрлі өзгерістерге ұшырады. Солардың қатарында Батыс Қазақстан трансшекаралық аймағындағы топонимдер мәселесі тұр. Тарихи және саяси факторлардың нәтижесінде олардың көпшілігі қазір қайта қалпына келтіру мүмкін емес жағдайға жетіп отыр, дегенмен халық аузында, карталарда сақталып қалған атаулар да жоқ емес. Сол жердің географиялық жағдайлары мен атаулардың өзара байланысын сақтай отырып, кей мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады.

Батыс Қазақстан облысының трансшекаралық аймақтарында қыстақ, қыстаулардың атаулары көбірек кездеседі. Қазақ қыстау деп малшылардың мал қыстатуға арналған қысқы мекен-жайын атаған. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халқымыз жергілікті жер-су жағдайын жақсы білген, жер бедерінің ерекшелігіне қарай шұрайлы, жері шүйгін жерлерді шебер пайдаланған. Мәселен, қыстауға өзен бойы мен көлдің жағалаулары таптырмайтын жер болса, жайлау тау қойнауларына жақын орналасады.

Географиялық жер бедері жағдайына орай қойылған атаулардың құрамында оба, құдық сөздері қайталанып келеді: Ақоба, Бозоба, Қызылоба, Қараоба, Қособа.

Ата-бабаларымыз жер-суға ат қоюда қоршаған ортаны танып-білу, игеру тәжірибесі арқылы жердің бітімін, бедерін, ерекше қасиеттерін сипаттайтын әрі түсінікті, әрі қысқа, қарапайым ат қоюдың үнемді тәсілдерін ойлап тапқан. Осы тұрғыдан ұқсас атаулар еліміздің әр жерінде кездесіп жатады, дегенмен халқымыз оның да ретін тапқан сияқты. Жақын орналасқан аумақтарда бір-біріне ұқсас екі не үш нысанды әуелі бірыңғай атап,

кейіннен бір-бірінен ажырату үшін сындық, сапалық сипаттарына мән бере отырып, жаңаша атауға тырысқан. Жоғарыда келтірілген мысалдар осындай негізде жасалған деп ойлаймыз. Мысалы, БҚО, Казталов ауданында Сарықұдық, Қайшақұдық, Талдықұдық, Кіші талдықұдық сияқты ауылдардың аттары кездеседі. Екінші жағынан аудандағы құдықтар санының бірнешеу екендігін көрсетеді.

Адам есімдері арқылы жасалған анротопонимдер мен ру, халық аттары арқылы жасалған этнотопонимдерді де осы топқа жатқызуға болады. Өйткені анротопонимдер мен этнотопонимдер де адамдардың өмірі мен іс-әрекетінен хабар береді. Халық арасында жерге сол жерде дүниеге келген, өмір сүрген беделді адамның, батырдың, бидің немесе ру атын беру дәстүрі бар. Осы өңірлерде қолданылған топонимдердің шығу уәждерін, этимологиялық жайттарын зерттей отырып, сол жердің географиялық жағдайын, тарихын, атаудың бойында сақталған тілдік өзгерістерді, халықтың атау беру дәстүрі мен атаулардың шығу уәждерін анықтау ең бірінші оларды жинақтап, жүйелеп, сөздігін құрастыруды талап етеді. Осы сөздікті қолдану арқылы БҚО трансшекаралық аймақтарындағы жер-су мен олардың атаулары арасындағы географиялық, этимологиялық әрі этнолингвистикалық факторларды кешенді әрі әртарапты зерттеуге мүмкіндік аламыз.

Талқылау

Мақала жазу барысында БҚО трансшекаралық аймақтарындағы топонимдердің ішіндегі төмендегідей атауларға этимологиялық талдаулар жасалды. АҚБҰЛАҚ ө. Түр-түсті білдіретін ақ сын есімі мен бұлақ зат есімінің тіркесіп келуінен жасалған. Ақ – сүттің, қардың түсіндей аппақ түс (ҚӘТС, 1т. 211). Көне дәуірлердің өзінде, қазіргі кезде де географиялық атауларда ақ, қара сөздері көп кездеседі. Т. Жанұзақ Ақсу атауы «судың, өзеннің ақ ботала боп аққан түсіне байланысты» дейді [4, 29 б.]. Таудан аққан өзендердің ағынының қатты болып, ақ көбіктеніп ағуына байланысты қойылған. Алайда Ақсу мен Ақбұлақ ги-

дронимдеріндегі ақ сын есімі бірдей мағына бермеуі мүмкін. Бұлақтың суы мөп-мөлдір, таза болады, бірақ мөлдір бұлақ деп атай бермейді, бұл ақ сөзінің топонимжасаудағы қызметінің өнімді, қалыптасқан компонент екенін көрсетеді. Бұлақ – түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз (монғ. булаг). Бұл сөздің түбірі жайлы айтқанда, ғалымдар бұлға етістігін мысалға келтіреді. В. Банг бұлға етістігінің шығу тегін бул, булу-дан пайда болған деп есептейді [5, с. 255]. Негізгі мағынасы – бұлғау, араластыру, лайлау. Бұл түбірден жасалынған сөздер бір ұядан тарап, әртүрлі бағытта біріне-бірі ұқсамайтындай сипат алған. Оларды салыстыра зерттегенде, әуелгі түбір бұл болу керек деп жорамал жасауға болады. Орта ғасырларда бұлақтан бөлек йул және йулақ сөздері 'қайнар, бұлақ, жылға' мағыналарында қолданылған [6, с. 277]. Түрік тілінде: йулақ 'кішкентай қайнар, көз, бұлақ'. Егер сөз басындағы б (б-улақ) протезалық қызмет атқаратын сына дыбыс десек, онда бұл сөздерді (б-улақ, йулақ) бір түбірден жасалынған деп болжауға болады (БҚО, Бөрлі ауд., Ақбұлақ а. о., Ақбұлақ а.).

АҚОБА. а.о. Түр-түсті білдіретін ақ сын есімі мен оба зат есімінің бірігуінен жасалған. Оба – түркі-монғол тілдеріне ортақ көне сөз. Л.З. Будагов бұл сөзді монғол тілінен енген деп есептейді. Алтай, Сібір түркі тілдерінде оба: (<обоға) түрінде жасалатынын айта келіп: «Ср. приведенные формы с монг.: obuγ -a(n) / овоо ~ obu/овоо 'груда', 'куча', 'масса', 'груда/куча камней', "обо" – специальная груда из грубых камней в функции межевого знака, вехи или монумента, где производятся религиозные церемонии в честь духа местности, 'могильный холм', 'пограничный/межевой знак'. Монг. obuγa(n) является производным от obuī – /овойх 'образовывать коническую или конусообразную кучу', 'образовывать холм, возвышение в форме конуса или конусоида'». Бұл пікірді Г. Рамстедт те қолдайды [5, с. 399]. Оба сөзінің қазіргі екі мағынасы да көне тілмен сәйкеседі: 1. Дөңес жерлерге тастан, топырақтан үйіп жасалынған меже, белгі. 2. Өлген адамдар жерленіп, үйінді, төмпешік түрінде жасалған орын. Обаларға жер-

леу орындарының бәрі емес, тек қабір үстіне тас, топырақтан үйінді тұрғызылғандары ғана жатады (ҚӘТС, 11т. 600). Б. Бияров: «Оба зат есімі «тау асулары мен өзен өткелдерінен аман-есен өткен соң, тасталатын тас, не топырақ үйінділері» мағынасында географиялық терминге ауысқан. Обалардың діни мәнімен бірге «меже, белгілік» қызметі де бар» екендігін айтады [7, 294 б.]. Бір кездерде обаға берілген атау кейіннен сол маңға орналасқан ауылға берілген (БҚО, Жәнібек ауд.).

АҚШАЛАШ қ. Ақ сын есімі мен шалаш зат есімінің бірігуінен жасалған. Шалаш – жеңіл-желпі баспана, қос, күрке (ҚӘТС, 15т. 215). Орта ғасырларда бұл сөз чатыр, чачыр, чашыр түрінде айтылған. Орыс тілінде шатыр, шалаш түрі бар. Шатыр да, шалаш та орыс тілінен енген сөз емес, керісінше орыс тіліне түркі тілінен енген сөз болу керек. Себебі түбірі сат “сгонять, собирать, пригонять (скот)” – түркі сөзі [6, с. 141]. Осындағы “малды бір жерге жинау” мағынасынан мал тұратын орын, күрке жасалынған да, біртіндеп адамдар тұратын шатырлар, шалаштар да осылай аталған болу керек. Көпшілік атаулар сол жердегі белгілі бір нысанға байланысты аталады (БҚО, Жәнібек ауд. Күйгенкөл а. о., Өнеге а.).

АҚКҮТІР е. м. Ақ және күтір сөздерінің бірігуінен жасалған. Күтір жерг. Аумағы алты-жеті үйден тұратын шаруалар мекені, қыстақ. Осы мәнде елді мекеннің атауын жасауға қатысады (БҚО, Тасқала ауд., Ақтау а. о.)

АҚТАУ т.-а. Батыс Қазақстан облысының трансшекаралық аймағында Ақтау тауы (Бөрлі ауд.) және Ақтау ауылы (Тасқала ауд.) орналасқан. Ақтау – Маңғыстау тауларының оңтүстігіндегі тау. Абсолюттік биіктігі 325 м. Ақтау тау жыныстарының ағарған түр-түсіне қарай аталған (Қазақстан энциклопедиясы). Бірінші кезекте тау аты, одан соң елді мекен, қала аты аталған болу керек (БҚО, Бөрлі ауд., Ақбұлақ а. о.; Тасқала ауд., Ақтау а. о.).

АЛТЫҚАШАР қ. Алты және қашар сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Қашар сөзі екі түрлі мағынада қолданылады: 1. Сиырдың, бұғының бір жастағы ұрғашысы, аналық төл. 2. Мал қамайтын қора, мал қора (ҚӘТС,

9 т. 526). БҚО-да қашар сөзімен келетін екі атау бар, екеуі де сан есімдермен келеді: Алтықашар, Бесқашар. Қыстақтың атауы сонда жайылып жүрген қашарлардың санына қатысты емес, мал қамайтын қоралардың санына байланысты қойылған болу керек. Бұл қашар сөзінің жергілікті орындарда өнімді қолданылуына да байланысты. Алтықашар атауы екі қыстаққа берілген (БҚО, Жәнібек ауд. Күйгенкөл а., Жасқайрат а. және Ұзынкөл о.).

АРЫҚ, қ. Суландыру жүйесіндегі өзен арнасынан не бөгеннен тартылған су жолы (ҚӘТС, 1т. 681). Қоршаған ортаның физика-географиялық жағдайын көрсететін топоним. Топонимдерге тән ерекшеліктердің бірі әуелі өзен-су, жылға, жыра, бұлақтарға ат қойылып, кейіннен бұл атаулар сол жерге орналасқан елді мекендерге ауысады. Көне тілде ағіқ ‘арық, жылға’ [6, с. 52] түрінде айтылады. Қазіргі түркі тілдерінде бес түрлі мағынасы бар: 1. Арық; 2. Ор; 3. Өзен (жылға); 4. Орман; 5. Арал. Дыбыстық жағынан өзгеріске түскенмен, көне түбірді айыруға болады. Ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, біріншіден, көне арқи ‘(үлкен) өзен, тасқын’ сөзін өзге де түркі тілдерімен салыстыра келіп, ар ‘ағу, сіңіру’ етістігімен байланыстырады. Арқи сөзі көне тілде кездеспеді. Екіншіден, арық сөзінің түбірін ырмақ ~ йырмақ түбірлерімен гомогенді деп есептейтін пікір бар. Г. Вамбери шағатай т. ағік, арна ‘арық’ сөзін jar-, ar-, jir-, ir- ‘жыру, бұзу, айыру’ етістігімен байланыстырады. Б. Мункачи де арық сөзін йарық ‘жарық’ сөзінің өзгеріске түскен түрі ретінде қарайды [5, с. 189]. Қазақ тілінің өзінде осы түбірден тараған бірнеше сөз бар. Мысалы: арық, арна, арал, жыра, жырақ, ор, ойыс т.б. Көне jira ‘алыстау, жырақтау’ мәнін береді. Jiraq, iraq ‘жырақ’ түбірлерін салыстырсақ, ортақ түбір – jir, ir ‘жыр(y)’. Көне jir етістігі қазақ тілінде сақталған. Мағынасы жағынан бұл сөздердің басын қосатын, гомогенді түбір екенін анықтайтын сема – жыр(y). Көне түбір – ar, jir, ir. Мұны көне тілдегі ar ‘отделять’ [6, с. 50] етістігі де дәлелдей түседі. (БҚО, Жәнібек ауд. Күйгенкөл а., Өнеге а.).

АРЫСТАНҒАЙ, қ. Арыстан – мысық тұқымдас ең ірі жыртқыш аң. Көне түрі ар-

слан түрінде айтылған. Түбірі – арс. Бұл сөздің этимологиясы жайлы әртүрлі пікірлер бар. Э.В. Севортянның сөздігінде қазақ, қырғыз, қарақалпақ тілдеріндегі арсылда (қаз.т. арс-арс) етістігін мысалға келтіре отырып, жабайы аңдардың ырылдауына еліктеуші арс және -лан жұрнағынан жасалғандығын айтады [5, с.177-178]. «Бұл сөз – о баста еліктеуіш болған сияқты: аң патшаларының арылдаған дауысынан туындауы мүмкін. «Арыстың» соңынан қосылатын «лан», «тан» – бір замандағы анықтауыш сөз. «Арыстан» атауының толық формасы – «арсалан» монғол тілінде сақталған. Мұның сол тілдегі жіңішке формасы «ерселен» – мифологиялық аңыз бойынша бес түрлі түсі бар арыстан (Владимирцов, 1989, 130). Демек, алан//елен – түсті білдіретін сөз. н дыбысының көбіне түсіріліп айтылатынын ескерсек, «арыс» сөзіне қосылған «алан» қазіргі заманғы «ала» сын есімі болуы да мүмкін», – дейді Б. Сағындықұлы [8, 43 б.]. Арсалан тұңғыс-манчжур тілдерінде де қолданылады. Қаблан, сырттан сөздері де осы жұрнақ арқылы жасалған болса, онда сөзжасаушы жұрнақ -лан болады. Бұл жұрнақтың түркі тілінде өнімді қолданылғанына МҚ-да берілген мысалдар дәлел бола алады. Арыстанғай топониміндегі -ғай бурят-монғол тілдерінің жұрнағы түбірге кішірейту-еркелету мағынасын үстейді. Атау «арыстан мекендеген не сол өңірде бар» ұғымынан қойылған болу керек (БҚО, Жәнібек ауд. Күйгенкөл а., Өнеге а.; АО, Балқаш ауд., Іле дариясының оң тармағы).

АШЫ ӨЗЕК. қ. Ащы “тұщы емес, тұзды, сор дәмі бар” дегенді білдіреді. Өзек деп “жауын, қар суынан пайда болған, ойыстығы 3-15 м-ге жететін, ені тар, кішірек сайды” айтады. Өзек сөзінің түбірі орта ғасырларда өз “аңғар, алқап, таулардың арасындағы өткел” түрінде қолданылған. -ек – кішірейткіш мәнді жұрнақ. Ащы сөзінің өзекке қатысты айтылып тұрғаны жерінде ащы сордың көп болуына, аппақ болып тұзының шығып жатуына байланысты болу керек (БҚО, Жәнібек ауд. Күйгенкөл а., Көлтабан а.).

БАҚТЫАРАЛ. а. ар.+қаз. Бақыт және арал сөздерінің бірігуінен жасалған. Бақт ар. (бахт) – бақ, ырыс, несібе, тағдыр. -ы – қыстырма

дыбыс. Арал – жан-жағы сумен қоршалған шағын құрылық (ҚӘТС, 1т. 582). Түбірі – ара көмекші сөзі, -л – зат есім тудырушы жұрнақ. Ара көмекші сөзі мағынасы жағынан жан-жағы қоршалған жердің арасы, ортасы ұғымын береді.

Арал сөзінің этимологиясы жайлы жоғарыда айтқан болатынбыз. қараң.: Арық. Біріншіден, атау араб тіліндегі мағынасына сәйкес ауыл ырысты, бақытты болсын деген ниетпен қойылған болуы мүмкін. Осындай мақсатта қойылған Бақытгүл, Бақтыгүл есімдері бар. Екіншіден, парсы тілінің “әртүрлі жеміс ағаштары өсірілген жер, бау-бақша”-мағынасындағы бағ сөзіне -ты сын есім тудырушы жұрнақтың жалғануы арқылы “бақты, бау-бақшалы жерді” атаған болу керек. Мысалы, Мақтаарал деп мақта өсірілетін жерді атаған. Топонимжасауға бақты сөзінің бірінші мағынасынан гөрі екінші мағынасы бейімірек (БҚО, Бөрлі ауд., Кеңтүбек а.о.).

БАСТАУ. е.м. «Бұлақ, өзен суының басталатын жері, көзі, тұма». Баш түбірі орта ғасырларда “бастау, бұлақ, қайнар көз” мағынасында жұмсалған. Кейіннен бұл сөз күрделеніп, әуелгі бас+ы (начало) түбіріне -та етістік тудырушы жұрнақ пен -у есім тудырушы жұрнақтың жалғануы арқылы жасалған. (БҚО, Тасқала ауд., Достық а.о.).

БОРСЫ а.о. Борсы етістігінің екі түрлі мағынасы бар: 1. Көп тұрып қалған азық-түлік т.б. иісі шығуы, бұзылуы. 2. Судан, ылғал заттан желденбегендіктен, жағымсыз иіс шығуы, сасуы (ҚӘТС, 3 т. 490). Атау жер жағдайына қарай екінші мағынадан, яғни сол аймақтан борсыған батпақтың иісі шығуына байланысты туындаған деп болжаймыз. Түбірі – бор “шарап” парсы сөзі. Шарап жасауда жүзімнің ашып, жағымсыз иіс шығаратыны рас. Осы түбірге етістік тудырушы -сы жұрнағы жалғану арқылы борсы етістігі жасалған (БҚО, Жәнібек ауд.).

ЖАРСУАТ. а. о. .Жар және суат сөздерінің бірігуінен жасалған. Жар өзеннің тік құлама жағасы, биік қабақ. Көне тілде жар “жар, жыра, аңғар, сай” түрінде айтылады және жердің, көлдің атауы ретінде қолданылған [6, с. 238]. Ал суат – өзеннің, бұлақтың мал суаратын

жері. Көне *suva* “суландыру, суару” түбіріне -т – етістіктен зат есім тудырушы жұрнақтың жалғануы арқылы жасалған. Өзеннің тік құлама жарқабағы астында мал суаратын орын болған. Осы көріністен Жарсуат атауы пайда болған. Әуелде Жарсуат аталынған орында кейіннен ауыл пайда болып, атау ауыл атына берілген (БҚО, Бөрлі ауд., Жарсуат а.).

ЕҢБЕК а. Еңбек сөзі «бейнет, қаракет, жұмыс» мағынасымен сансыз көп ойконим жасады [9, 211]. Өйткені кеңес өкіметінің негізін жұмысшы табы қалағандықтан, еңбекке ерекше мән берілгені аян [7, 110].

Еңбек сөзі көне тілде *emgäk* түрінде дыбысталады, түбірі *emgä* “азаптау” дегенді білдіреді [6, с.172]. *Emgä* етістігінің өзі – туынды сөз. Бұл сөздің түбірін ғалымдар түрік диал. *eme* (<*em-e*) ‘уағатак’ және *imär* < *im-är* ‘азаптау, мазасыздану’; *im*- ‘азап; еңбек, жұмыс’; түрк. *üm-e* және т.б. түбірлермен салыстыра келе :

Em/им – не древнейшая форма рассматриваемого корня. Его более старую форму образует *en*, а еще точнее *en*, первый из которых сохранился в чувашском глаголе *анқа-* (< *анқа-*) ‘мучиться, страдать’ (от голода, жажды), второй – в казахском *еңбек* и в развившейся отсюда *ногайской* форме *ембек* [5, с. 273]. Чуваш тіліне тән *анқа* сөзі қазақ тілінде де қолданылады. Тек оның *еңбек* сөзімен бір түбірден тарайтынын біле бермейміз. *Аңқа* – “жұтқыншақтың ауа жүретін бөлігі”, кепті етістігімен келгенде, “қатты шөлдеді, сусады” дегенді білдіреді. Көне *ан/ен* түбірі есімнің *де*, етістіктің *де* қызметін атқарған. *-қа* – етістіктен зат есім тудырушы жұрнақ, ал *-бек* – қимыл есімінің жұрнағы (БҚО, Казталов ауд.).

КӨЛШЫМАН қ. Біріншіден, бұл атау көл және шымал сөзінің бірігуінен жасалған болуы мүмкін. Шымал – шіркей, шыбынның ең ұсағы, яғни “шіркейлі көл” дегенді білдіреді. Екіншіден, көлші мен *-ман* жұрнағы арқылы жасалған болуы мүмкін. Жергілікті жерде көлші сөзі қолданылған болуы мүмкін. *-ман* жұрнағы жайлы әртүрлі пікірлер бар. (БҚО, Казталов ауд.). *-ман* жұрнағы араб тілінің қосымшасы деген пікір бар. Э.В. Севортян сөздігінде адам (субъект) мағынасындағы *ман*

жұрнағы аламан сөзіне қатысты айтылған. Дегенмен көрермен, оқырман, шабарман т.б. мысалдарды келтіре отырып, өзіміздің тілге тән жұрнақ деушілер де бар. Үшіншіден, шыман адам есімі болуы мүмкін. Төртіншіден, жергілікті жерлерде көлше етістік жердің атыздан кішірек бөлігі мағынасында қолданылады (Түрікм.: Таш., Мары) [10, 363 б.]. Аламан қосымша емес, толық мағыналы маң сөзі болуы керек, яғни көлшенің маңы деген ұғым береді (БҚО, Казталов ауд.).

ҚАЛМАҚШАБЫН е.м. Қалмақ және шабын сөздерінің бірігуінен жасалған. Қалмақ сөзі – этноним. Алтынорда мемлекеті ыдыраған тұста, Монғолияға қайтпай қалып қойған моңғол тілді тайпаларды «қалмақ» деп атай бастаған («қалдық», «жұрнақ» мәнінде қолданылады). Қазір Ресей құрамындағы Калмыкия тұрғындарының аты ретінде сақталып отыр. Қазақ топожүйесінде қалмақ сөзінің кездесуін екі көшпелі этностың көрші іргелі елдердің айдап салу саясатының әсерімен жүз жылдай жауласып өтуінен көруте болады [7, 266 б.]. Шабын сөзі бұл арада шабындық мағынасында қолданып тұрған жоқ. Қалмақтармен болған шабуылдардан кейін, белгілі бір оқиғаның өту сипатына байланысты қойылған атау болуы керек. Шабын = ет. Буырқанып-бұрсану, өршелену, қатты қайрат көрсетіп долдану, шамырқану, шабалану (ҚӘТС, 15 т. 186). Шабын мен шабуыл сөздерінің түбірі бір. (БҚО, Тасқала ауд., Қазақстан а.о.).

ҚАРАҚҰДЫҚ а. Қара және құдық сөздерінің бірігуінен жасалған. Құдық – адамды, малды тұщы сумен қамтамасыз ету және жер суландыру үшін жердің су шығатын қабатына дейін арнайы қазылған тік шұңқыр. Орта ғасырларда қудуғ, қуйуғ түрінде айтылған. Түбірі – *qodī* “төмен, төменде” [6, с. 463-464]. Орта ғасырларда қудуғ сөзі “төмен, төменгі, етек-ті (жақ)” мағыналарында да жұмсалған (ОҚ 18/5). Сонда құдық мағынасы судың төмендегі, тік шұңқырдағы орнына қатысты туындаған болып шығады. Қара сөзі құдық басының қарайып көрінетін түріне байланысты айтылған (БҚО, Жәнібек ауд. Күйгенкөл а. о.).

ҚҰРСАЙ а. қаз.-монғ. Орта ғасырларда қур “құрғақ” мағынасында қолданылған, монғол

тілінде – хуур. Топонимнің мағынасы “құрғақ сай” дегенді білдіреді. Көне түбірдің сақталуы атаудың көне екендігін көрсетеді. (БҚО, Жәнібек ауд. Күйгенкөл а. о.)

ТӨРТПІШЕН қ. Пішен сөзінің түбірі – біс “кесу, ору, шабу” етістігі, -ен – зат есім тудырушы жұрнақ. Пішен сөзінің төрт түрлі мағынасы бар. Соның екеуінің осы атауға қатысы болуы мүмкін. 1. «Шабылғаннан кейін ылғалдылығы 15-17 % не одан да құрғақ етіп кептірілген мал азығына пайдаланылатын шөп. Ауылдың ер-азаматы қыстау төңірегінде пішен шабысып жатқанды (Қ. Жұмаділов, Соңғы көш)». Бұл мысалға қарасақ, қыстақтың төрт (мая) пішенге қатысты аталуы мүмкін. Дегенмен келесі мағынасы қыстауды атауға лайықтырақ сияқты. 2. «(Рес., Омбы) шөптің қалдығынан жасалған төбесі ашық қора. Малды пішенге де қамай береміз (Рес., Омбы) [10, 559 б.]. Кезінде қыстауларда пішен шабылып, жинап-теріп, кептіріліп, қысқа дайындық жұмыстары жүргізілген. Атаудың берілуіне қораның саны, яғни қораның көптігі себепші болған сияқты (БҚО, Казталов ауд.).

ТӨСҚҰДЫҚ 1 қ. Төс құдық (Рес., Орын.) «тайыз құдық» мағынасында қолданылады (Орын., Ад.) [10, 647 б.]. (БҚО, Казталов ауд.).

ҮЛКЕН ҚОРҒАН қ. Үлкен сын есімі “көлемі жағынан аумақты, зор, дәу» (ҚӘТС 15т. 56) және “биік” мағынасында қорғанның сипатын, көлемін көрсету мақсатында топоним жасап тұр. Қорған – “бір нәрсені айнала соққан қоршау, дуал, биік қабырға және бекініс, қамал” (ҚТТС 10 т. 77). Көне тілде *qorġan* [сп-монг. *qoriya(n)*] “қос, әскери лагерь” [6, с. 458]. Монғол тіліне түркі тілінен енген сөз болу керек. Түбірі – қоры “қорғау, сақтау”. Қорық, қорған, қоршау сияқты сөздер осы түбірден жасалынған. Кезінде қалалар мен елді мекендерді жаудан қорғау үшін айналдыра қорғандар тұрғызған. Әуелде үлкен қорған салынған жердің маңайына кейіннен орналасқан қыстақ, қыстаулар сол атаумен аталған (БҚО, Казталов ауд.).

ҮРПЕК қ. “Үрпек – шөбі қалың өскен дөң жер” (ҚӘТС 15т. 81). Көне тілдегі *rp k* “үрпиген, тікірейген” [6, с. 627] сөзі қазақ, қарақалпақ тілдерінде сақталған. Түбірі үрп

– еліктеуіш сөз, -ек – сын есім тудырушы жұрнақ. Үрпек топонимі шөбі қалың өскен дөң жерді немесе тік, биік жотаны, шөбі үрпиген, ағаштары тік өскен жерлерді атаса керек (БҚО, Казталов ауд.).

ШОРА қ. “Феодалдық қоғамдағы үстем тап өкілі, ел билеген әкім, бек, мырза, шонжар” (ҚТТС 10 т. 257). «Шора – парсының чурәй “қызметші, көмекші, ақылшы”, “күң, малай” сөзі. Екі мағынасы да қазақ фольклорлық жырларында кеңінен қолданылған. Классикалық шығармаларда “ел билеуші, мырза” ұғымында да қолданылады» [11, 564 б.]. Ел билеген үстем тап өкілдері жаз жайлау, қыс қыстауды мекендеп, “кімнің қыстауы? кімнің жайлауы?” дегенде, сол жерді иелік ететін бай, бектердің есімдерін айтатын болған. Елімізде батырлар мен хандардың есімдері берілген жер-су атаулары көптеп кездеседі. Екіншіден, адамдарды лауазымымен атау да кездеседі: бидің ауылы т.б. Сондықтан шора (лауазымы) сөзі, Шора есімі топонимжасамда қызмет ете алады (БҚО, Казталов ауд.).

Қорытынды

Топонимдер – көне заман мен бүгінгі күннің арасын жалғастырушы алтын арқау, тарихи жәдігерлік. Олар бізге дейін болған, қазір де бар, болашақта да бола береді. Тілдің заңдары мен даму эволюциясына ден қоя қарасақ, уақытпен бірге өзгеріп, жаңарып отырады екен. Жаңарудың жақсы жағы да бар, сонымен қатар дәстүрлі бояуын солғындатып, дыбыстық өзгерістерге түсіретін қатал ережесі де қатар жүреді. Мұндай мәселелердің шешімін көбіне этимологиялық зерттеулерден іздейміз, алайда сөз болып отырған аймақтағы траншекаралық топонимияға жақын жатқан елдің тілдік ықпалы тимей қоймайды. Тілдің даму заңдылықтары негізінде ұшырайтын өзгерістері мен қатар жатқан тілдің ықпалы арқылы болатын өзгерістердің айырмашылықтары бар. Дегенмен, бүгінге дейін қалыптасқан этимологиялық зерттеу әдістері арқылы көптеген мәселелер өз шешімін тауып отыр. Сонымен қатар, қазіргі

жаһандану заманында тамырымызды тілдік тұрғыдан танып білуді тарихи-салыстырмалы әдіспен этимологиялық талдаулар арқылы шеше аламыз. Мұндай зерттеулердің қатарына жалпы есімдермен қатар, бүгінде қатары әлі толық анықталып бітпеген трансшекаралық аймақтардағы топонимдердің шығу төркінін анықтауды да жатқызуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1987. – 352 б.
3. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Сардар, 2014. – 256 б.
4. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-пресс, 2007. – 524 б.
5. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1989. – 768 с.
6. Древнетюркский словарь / Под ред. Э.В. Севортян. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.
7. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана: Ш. Шаяхметов ат. Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. – 432 б.
8. Сағындықұлы Б. Таңдамалы туындылар. – Алматы: Үш қиян, 2009. – 504 б.
9. Абай тілі сөздігі. Жалпы ред. Басқарған филол. ғыл. докторы А. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1968. – 734 б.
10. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
11. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. /құрас. Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

Қысқарған сөздер:

- а. – ауыл
- а. о. – ауылдық округ
- ауд. – аудан
- е.м. – елді мекен
- к. – көл
- қаз.-монғ. – қазақ-монғол
- қ. – қыстақ
- о. – округ
- ө. – өзен
- т. – тау
- т.-а. – тау, ауыл
- ш. – шалаш
- қараң. – қараңыз
- ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі
- ДС – Диалектологиялық сөздік
- ГТ – географиялық термин

Р.А. Досжан

Университет дружбы народов имени А. Куатбекова, Шымкент, Казахстан

Этимологические основы топонимов в трансграничной зоне Западного Казахстана

Аннотация. Статья посвящена этимологическим основам топонимов в трансграничном регионе Западного Казахстана. Большое значение имеет раскрытие этимологических основ трансграничных топонимов в создании истории нашего народа, обозначении регионов обитания. Значение топонимов, сохра-

нившихся с древних времен, для многих стало непонятным, расплывчатым, забытым. С этой целью были определены мотивы происхождения, этимологические основания некоторых топонимов, используемых в регионах.

Важность топонимов можно выразить с разных сторон. Во-первых, именование топонимов включает в себя различные этапы. В их основе лежит информация из истории, культуры, познания, мировоззрения нашего народа. Во-вторых, имеются языковые данные, свидетельствующие о пройденном народом пути, месте проживания. Единственный инструмент, который передает информацию о тюркском народе, разбросанном по всему миру-топонимы. Эти данные создавались нашими предками, жили вместе и с жизнеспособностью оставались на сцене истории. Конечно, в недрах истории не мало того, что забыто или приобрело новый вид, приобрело иной характер и было названо по-другому. Однако истинность фактических данных должна быть признана, и это очень важно. Поэтому трансграничные топонимы имеют большое значение в создании истории нашего народа, в обозначении регионов обитания. Известно, что в последнее время мы стали обращать внимание на этимологию топонимов, значение которых стало несколько забыто благодаря различным исследовательским работам. Прослеживается многообразие мнений по истории происхождения, истокам, смыслу древних топонимов. Это, вероятно, указывает на то, что в лексическом фонде гораздо сложнее раскрыть этимологию топонимов, чем в других словах. Хотя ряд топонимов определен относительно некоторых областей, районов, названия земельно-водных зон в трансграничных регионах не полностью попали на бумагу.

Ключевые слова: топоним, происхождение, значение, суффикс, корень, мотив, именование.

R.A. Doszhan

University of Friendship of peoples named A. Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan

Etymological bases of toponyms in the trans-border zone of western Kazakhstan

Annotation. The article is devoted to the etymological basis of toponyms in the trans-border region of Western Kazakhstan. The great importance is the disclosure of the etymological foundations of cross-border toponyms in the creation of the history of our people, the designation of the regions of habitation. The meaning of toponyms that have been preserved since ancient times has become incomprehensible, vague, and forgotten for many. For this purpose, the motives of origin and etymological grounds of some toponyms used in the regions were determined.

The importance of toponyms can be expressed from different angles. First, the naming of toponyms involves various stages. They are based on information from the history, culture, knowledge, and worldview of our people. Secondly, there are language data that indicate the path passed by the people, the place of residence. The only tool that conveys information about the Turkic people scattered around the world is toponyms. This data was created by our ancestors, lived together and remained on the stage of history with vitality. Of course, in the depths of history, not a few things are forgotten or have acquired a new look, acquired a different character and were named differently. However, the truth of the actual data must be recognized, and this is very important. Therefore, cross-border toponyms are of great importance in the creation of the history of our people, in the designation of regions of habitation. It is known that recently we have begun to pay attention to the etymology of toponyms, the meaning of which has become somewhat forgotten due to various research works. There is a variety of opinions on the history of origin, origins, and meanings of ancient toponyms. This probably indicates that it is much more difficult to reveal the etymology of place names in the lexical fund than in other words.

Although a number of toponyms are defined in relation to some regions, districts, the names of land and water zones in cross-border regions are not completely written down.

Keywords: toponym; etymological basis; meaning; suffix; root; motive; naming.

References

1. Sarybayev Sh. Qazaq til biliminin maseleleri. – Almaty: Abzal-Ay, 2014. – 640 p.
2. Kenesbayev I. Qazaq til bilimi turaly zertteuler. – Almaty: Gylym, 1987. – 352 p.
3. Qaydar A. Gylymdagy gumyr. Qazaq tili etimologiyasynyn gylymi-teoryalyq negizderi. – Almaty: Sardar, 2014. – 256 p.

4. Zhanuzaq T. Qazaq onomastikasy. Ataular syry 3. – Almaty: Daik-Press, 2007. – 524 p.
5. Sevortyan E.V. Etimologicheskii slovar tyurkskih jazykov. – Moskva: Nauka, 1989. – 768 p.
6. Drevnetyurkskiy slovar. – L.: Nauka, 1969. – 676 p.
7. Biyarov B. Qazaq toponimderinin tiptik ulgileri. – Astana: Sh. Shayahmetov Tilderdi damytudyn respublikalyq uilestiru-adistemelik ortalygy, 2013. – 432 p.
8. Sagyndyquly B. Tandamaly tuyndylar. – Almaty: Ush qiyan, 2009. – 504 p.
9. Abay tili sozdigi. – Almaty: gylym, 1968. – 734 p.
10. Diyalektologyalyq sozdik. – Almaty: Arys, 2007. – 800 p.
11. Qazaq tilinin kirme sozder. – Almaty: «Ulttyq audarma byurosy» qogamdyq qory, 2019. – 596 p.

Автор туралы мәліметтер:

Досжан Райхан Абдугалиқызы – А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы, Шымкент, Қазақстан.

Doszhan Raikhan Abdugaliqyzy – doctor of philological sciences, professor, University of Friendship of peoples named A. Kuatbekov, «Kazakh language and literature» department, Shymkent, Kazakhstan.